

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандағы
№ 51 бұйрығына 42-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 587 -қосымша

**Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0-4-сыныптары үшін «Қазақ тілі»
пәнінен
жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
(оқыту қазақ тілінде емес)**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты – оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту, өз ойларын қазақ тілінде жеткізе білуге үйрету.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) сөйлеу дағдыларын дамыту: тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым;

2) оқылған ақпарат бойынша іздене отырып зерттей білу қабілеттерін қалыптастыру, диалог, монолог құрастыру дағдыларын дамыту;

3) шығармашылық тұрғыда жұмыс істеуге, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыра отырып, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту;

4) білім алушылардың сөздік қорын қазақ тілінің коммуникативтік-актуальді лексикасы мен фразеологиясын оқытып, байыту;

5) қазақ тілін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық және компьютерлік технологияларды қолдану арқылы танымдық дағдыларын дамыту.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылардың даму ерекшелігіне қарай кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту;

2) сөйлеу тілінің бұзылыстарын ескере отырып тілдік лексикалық-грамматикалық құралдарды қолданып, фонематикалық естуі мен қабылдауын

дамыту және монологтік, диалогтік сөйлеу әрекеттерін сөйлеу тілінде дұрыс қолдану;

3) сөйлеу тілі мен қозғалыс бұзылыстарын ескере отырып байланыстырып сөйлеу тілін (сөздің нақтылығы, түсінікті болуы мен айқындылығы) дамыту;

4) ұсақ моториканы дамыту.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Қазақ тілін оқыту процесінде келесідей оқыту технологиясы мен әдістері қолданылады:

1) сөйлеу тілін және ұсақ моторикасын дамыту бойынша жеке түзете-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;

2) білім алушылардың танымдық, қабылдау қабілеттерінің ерекшелігіне қарай деңгейлік тапсырмаларды кеңінен дифференциалды ықпал ете қолдану;

3) қазақ тіліне тән дыбыстар мен әріптерді дұрыс айтуға, оқуға дағдыландыруда және ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгертуде ырғақтық-артикуляциялық түзету жаттығуларын қолдану;

4) диалогтік және монологтік сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында сұрақ-жауап әдісін қолдану;

5) сөздік қорын дамыту мақсатында тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;

6) түсіндіру әдісін жаңа немесе мағынасы түсініксіз сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді, жаңа тақырыпты түсіндіруде қолдану;

7) көріп қабылдауын, зейінін, естіп қабылдауын дамыту мақсатында көрнекілік әдістерді практикалық бағытта қолдану;

8) сөйлеу тілі мен танымдық ерекшеліктерін дамытуда ойын элементтерін пайдалану; сөйлеу мен таным әрекеттерін түзете дамытуда практикалық әдісті пайдалану;

9) оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында ынталандыру әдісін қолдану;

10) оқушылардың оқу әрекетін жеке, топтық және ұжымдық үлгіде ұйымдастыру (оқушылар бірін-бірі өзара оқытуға, бірін-бірі бағалауға, пікір алмасуға үйренеді);

11) дифференциалды деңгейлеп оқыту (қабылдау мүмкіндіктеріне қарай деңгейлеп оқыту);

12) сыни ойлауды дамыту технологиясы арқылы білім алушының шығармашылық ойлауының орын алуына мүмкіндік беру, шешім қабылдауға үйрету;

13) модульдік технология бойынша білім алушыларды өз ойларын жүйелі жеткізуге үйрету.

6. Білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруда өзіндік іздену, интерпретациялау, талдау, синтездеу және әр түрлі ақпарат көздерін бағалауда белсенді әдістері ұсынылады.

7. Тұлғалық бағдарлы оқу процесі білім алушылардың тұлғасын үйлесімді қалыптастыруға және жан-жақты дамытуға, олардың потенциалды мүмкіндіктеріне ықпал етеді.

8. Оқыту процесі коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға, білім алушылардың шығармашылық еңбегін бағалауға және талдауға, сондай-ақ жеке және топтық іс-әрекеттерге қатысушылардың жұмысына ықпал ететін міндеттер қамтылады.

9. Білім алушылардың зейінін, ойлау, фонематикалық есту қабілетін, танымдық қабілеттерін, қол саусақтарының ұсақ моторикасын, артикуляциялық моторикасын түзете-дамытуда, шығармашылық белсенділігін арттыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) қолдану тиімділігі артып отыр.

10. «Қазақ тілі» пәнін оқыту процесінде қолданылатын қажетті АКТ құралдары:

1) онлайн сабақтар арқылы жаңашыл әдістер және ақпараттық технологиялар;

2) электрондық оқулықты, электрондық кестелерді, бейнефильмдер жиынтығын (ертегілер, мультфильмдер), аудиожазбалар жиынтығын (СД-дискілер), балаларға арналған әндер жинағын (аудиодискілер) пайдалану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырады;

3) компьютерлік тілдік түзету ойындары, дамыту ойындары (лото, домино, пирамида, мозаика) логикалық ойлау жүйесін дамытады;

4) есту, тыңдау ақпараттарды қолдану;

5) ұсақ моторикасын дамытуға арналған дидактикалық материалдар, логопедиялық арнайы делика, гоу-ток құралдары және арнайы дисктерді қолданады.

11. «Қазақ тілі» пәнін оқытудың техникалық құралдары: дербес компьютер, электронды оқулықтар, электронды проектор, электрондық көшірме тақтасы; адам дауысының аудио жазбасы, әндер, музыка, табиғат дыбыстары, телефильмдер, деректі фильмдер, аудио және бейне жазбалар.

3-тарау. «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

12. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 0-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 64 сағатты;

2) 1-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 66 сағатты;

3) 2-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;

4) 3-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;

5) 4-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағатты құрайды.

13. «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын келесідей бөлімдерді қамтиды:

1) тыңдалым;

2) айтылым;

3) оқылым;

4) жазылым;

5) тілдік нормаларды қолдану.

14. «Тыңдалым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тыңдалым тәсілдерін қолдану;
- 2) сөздің лексикалық мағынасын түсіну;
- 3) тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну;
- 4) мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну;
- 5) тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну.

15. «Айтылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сөздік қорды толықтыру;
- 2) берілген тақырып бойынша ойын жеткізу;
- 3) түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды қолдану;

4) оқыған/тыңдаған материалды мазмұндау;

5) тыңдау-көру материалдары негізінде сөйлем құрастыру;

6) оқыған/тыңдаған материалдар бойынша өз көзқарасын білдіру.

16. «Оқылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) оқу түрлерін қолдану;
- 2) мәтіннің мазмұнын түсіну;
- 3) мәтіннің жанры мен түрін анықтау;
- 4) сұрақтар қоя білу және жауап беру;
- 5) түрлі дереккөздерден қажетті ақпарат алу.

17. «Жазылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу;
- 2) тыңдаған/оқыған материалдардың мазмұнын жазу;
- 3) пунктуациялық нормаларды сақтау;
- 4) каллиграфиялық нормаларды сақтау.

18. «Тілдік нормаларды қолдану» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) грамматикалық нормаларды сақтау;
- 2) орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау.

19. 0-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: сөзді зейін қойып ықыласпен тыңдау және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (қимыл, ым-ишараны қолдану, іс-әрекет жасау); сөздегі дыбыс түрлерін ажырату және дұрыс дыбыстау; қарапайым сұрақтарға ым-ишара (мысалы, затқа немесе суретке нұсқау), сөздер және қысқа фразалармен жауап қайтару; мұғалімнің көмегімен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну; мазмұнын қаншалықты түсінгенін қимыл мен қысқа жауап (екі үш сөз, қарапайым сөйлем) арқылы білдіру;

2) айтылым: лексикалық тақырыптар бойынша сөйлеу барысында жаңа сөздерді қолдану; мұғалімнің көмегімен өз ойын 2-3 сөйлеммен білдіру; сұхбаттасын ықылас қойып тыңдау және жағдаятқа байланысты мимиканы, ым-ишараны қолданып, қысқа фразалармен жауап беру; мұғалімнің көмегімен мәтін бойынша 2-3 сұраққа жауап беру; қысқа фильмдер мен тыңдалым материалдарының сюжетін мұғалімнің көмегімен 2-3 жай сөйлеммен жеткізу; тыңдаған материал бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру;

3) оқылым: қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, ө, ң, қ, ү, ұ, һ) дұрыс айту; мәтіндегі таныс сөздерді дұрыс айту; мұғалімнің көмегімен мәтіннің түрін білу; мұғалімнің көмегімен қарапайым сұрақтар (мынау не? мынау кім?) қою; мұғалімнің көмегімен суретті кітаптардан ақпараттарды табу;

4) жазылым: мұғалімнің көмегімен заттардың түсін ажыратып бояу; тыңдалған мәтіндегі ақпараттың мазмұнын сурет, сызба, белгілер арқылы жеткізу; мұғалімнің көмегімен тыныс белгілерді тану; жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, өрнектерді салу;

5) тілдік нормаларын сақтау: мұғалімнің көмегімен заттың атын білдіретін сөздерді ауызша тілде қолдану; сөйлеу барысында көптік, тәуелдік, жалғауларын мұғалімнің көмегі, үлгі бойынша қолдану; сөйлеу барысында мұғалімнің көмегімен заттың қимылын білдіретін сөздерді қолдану; сөйлеу барысында мұғалімнің көмегімен заттың санын білдіретін сөздерді қолдану; мұғалімнің көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін білу; мұғалімнің көмегімен айтылу мақсатына қарай (хабарлы, сұраулы) сөйлем түрлерін білу; мұғалімнің көмегімен әріп пен дыбысты ажырата білу, дыбыстарды дұрыс айту; мұғалімнің көмегімен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, һ әріптерін дұрыс айту; мұғалімнің көмегімен бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі есімдері, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген ат) білу.

20. 1-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және оған сәйкес дұрыс әрекет ету; күнделікті өмірде қолданатын таныс сөздердің мағынасын түсіну; тыңдаған мәтін мазмұны бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру, сәйкес иллюстрация/ суреттер/сызбалар таңдау; мұғалімнің көмегімен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну; қимыл-қозғалыс, сұрақ қою, қысқа жауап арқылы тыңдаған/көрген мәтінді түсінгенін білдіру;

2) айтылым: сөйлеу барысында танысу, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану; сурет бойынша 2-3 сөйлеммен өз ойын білдіру; сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі тәсілдермен жауап беру; шағын мәтінді/қарапайым оқиғаларды мазмұндау; қысқа фильмдер мен тыңдалым материалдарының сюжетін өз сөзімен суреттеу; тыңдаған/оқыған материал туралы өзінің қарапайым пікірін (келісемін/келіспеймін, ұнайды/ұнамайды) айту;

3) оқылым: таныс сөздерді буындап оқу, тұтас оқу; мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсіну; мұғалімнің көмегімен мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ) ажырату; мұғалімнің көмегімен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар қою; мұғалімнің көмегімен иллюстрациялы шағын мәтіннен қажетті ақпаратты табу;

4) жазылым: суретте берілген заттардың сынын білдіретін сөздерді жазу; мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған / тыңдау-көру материалдары бойынша заттардың таныс атауларын жазу; бас әріптер мен кіші әріптерді санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес бір-бірімен дұрыс байланыстырып, анық, айқын жазу;

5) тілдік нормаларын сақтау: мұғалімнің көмегімен заттың атын / сынын / санын / іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша тілде қолдану; мұғалімнің көмегімен көптік / тәуелдік / жіктік / септік жалғауларын ауызша тілде қолдану; сөйлеу барысында мұғалім көмегімен етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану; мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысында сілтеу есімдіктерін дұрыс қолдану; сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап құрастыру; әріп пен дыбысты ажырата білу, төл дыбыстарды дұрыс айту; ә, ө, ү, ұ, і, н, қ, ғ, һ әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу.

21. 2-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: ауызша тіл және тыңдау-көру материалын тыңдау және қарапайым сөйлемдерді түсініп қайталау; күнделікті өмірде қолданатын таныс сөздерден құралған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну; тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімен иллюстрация /суреттер/ сызбалар таңдау және қарапайым сұрақтарға жауап беру; тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну және кейіпкерлер мен оқиғалардың ретін анықтау; тыңдау-көру материалындағы оқиғаларды түсіну, сұрақтар қою;

2) айтылым: сөйлеу барысында алған ақпарат бойынша сұраулы сөйлем құрастыру үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану; сюжетті сурет негізінде өз ойын айту; тілдік нормаларды сақтай отырып, белгілі бір тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну; оқиға желісін сақтай отырып, таныс сөздерді қолдану арқылы шынайы және ойдан құрастырылған оқиғаларды баяндау; кейіпкерлерді сипаттау, сюжетті суреттеу; оқиға туралы қарапайым ой-пікірін айту;

3) оқылым: таныс сөздерден құрастырылған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну; мұғалімнің көмегімен мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, әңгіме) ажырату; мәтіннің мазмұны бойынша қарапайым сұрақтар құрастыру және оған жауап беру; сөздік, анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу;

4) жазылым: мұғалімнің көмегімен заттың сынын білдіретін сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазу; жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін қолдану; бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу, түзету жұмыстарын орындау;

5) тілдік нормаларын сақтау: мұғалімнің көмегімен заттың атын / сынын / санын / іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша және жазбаша тілде қолдану; сөйлеу барысында көптік / тәуелдік / жіктік / септік жалғауларын қолдану; сөйлеу барысында мұғалімнің етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану; мұғалім көмегімен сөйлеу барысында есімдіктерді (сілтеу, сұрау есімдіктерін) қолдану; мұғалімнің көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем құрастыру; мұғалім көмегімен айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату; мұғалімнің көмегімен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді дұрыс айту және жазу; ә, ө, ү, ұ, і, н, қ, ғ, һ әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу.

22. 3-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: ауызша тіл және тыңдау-көру материалын тыңдау және түсіну, жеке сөйлемдердің мағынасын нақтылау үшін сұрақтар қою; күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну; тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, мұғалімнің көмегімен сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру, кесте толтыру; тыңдаған материал бойынша себеп-салдарының байланысын (негізгі ой, кейіпкерлер, оқиға) анықтау; тыңдау-көру материалдарындағы оқиғаларды түсіну, кейіпкерлері туралы сұрақтар қою және оларды сипаттау;

2) айтылым: сөйлеу барысында мәтін тақырыбына сәйкес сөздерді қолдану; мұғалім ұсынған тақырып негізінде өз ойын айту; белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойларын толықтыру; өзінің жоспар/жазбаларын қолдана отырып, оқиғалар/әңгімелерді өз сөзімен айтып беру; фильмдер мен тыңдалым материалындағы оқиғаларды өмірдегі жағдайлармен салыстырып суреттеу; тыңдаған/оқыған материал бойынша өз көзқарасын айту;

3) оқылым: оқу түрлерін қолдана отырып мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу (шолып танысу, рөлге бөліп оқу); таныс сөздер мен сөз тіркестерінен құрастырылған шағын мәтіннің түйінді тұсын түсіну; мәтіннің жанрын (өлең, жұмбақ, ертегі, әңгіме және мақал-мәтелдер) ажырату, әңгімелеу/сипаттау мәтінін анықтау; мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекеті туралы нақты сұрақтар құрастыру; мұғалімнің көмегімен сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу және оны алу;

4) жазылым: мұғалімнің көмегімен тақырыпқа сәйкес сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазу; мұғалімнің көмегімен оқыған және тыңдаған / тыңдау-көру материалдары бойынша қысқа жазбалар жазу; өз бетінше жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін қолдану; кең жолды дәптерге бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу, каллиграфиялық дағдыларын дамыту;

5) тілдік нормаларды қолдану: мұғалімнің көмегімен заттың атын / сынын / санын / іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша және жазбаша тілде қолдану; көптік/ тәуелдік / жіктік/ септік жалғауларын ауызша тілде және жазбаша тілде түзету жұмыстарында қолдану; сөйлеу барысында есімше түрлерін, тұйық етістіктерді қолдану; мұғалім көмегімен жіктеу есімдіктерінің септелуін және септеулік шылауларды ауызша тілде қолдану; сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және мұғалімнің көмегімен құрмалас сөйлем құрастыру; мұғалімнің көмегімен айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату және құрастыру; мұғалімнің көмегімен жаңа сөздерді орфоэпиялық және орфографиялық сөздіктер көмегімен қатесіз дұрыс жазу және айту; дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздерді дұрыс айту және емілесін сақтап жазу.

23. 4-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: ауызша тіл және тыңдау-көру материалын басқаша өзгертіп айту үшін тыңдау және түсіну; бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мәтінмәтінге қатысты мағынасын анықтап түсіну; мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, түйінді тұстарын анықтау; тыңдаған материалдағы негізгі ойды анықтау; тыңдау-көру материалының мазмұны бойынша негізгі ойды анықтауға жетелейтін сұрақтар қою;

2) айтылым: әңгімені өрбіту үшін қажетті сөздерді қолдану; басталған мәтінді өз ойынша аяқтау; әңгімеге қатысу, сұхбаттасын түсіну және оның сөзін нақтылау, анықтау, өз сөзімен айтып беру; тыңдаушыны еліктіру мақсатында оқиғалар/әңгімелерді дәлме-дәл айтып беру; фильмдер мен тыңдалым материалдарындағы оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіру; шағын көркем шығармаларды оқып түснуі;

3) оқылым: оқу түрлерін қолдана отырып мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу (шолып танысу, рөлге бөліп оқу); таныс сөздер мен сөз тіркестерінен құрастырылған шағын мәтіннің түйінді тұсын түсіну; мәтіннің жанрын (өлең, жұмбақ, ертегі, әңгіме және мақал-мәтелдер) ажырату, әңгімелеу/сипаттау мәтінін анықтау; мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекеті туралы нақты сұрақтар құрастыру; мұғалімнің көмегімен сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу және оны алу;

4) жазылым: оқиғаларды сурет(комикс) түрінде ұсыну; мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған/тыңдау-көру материалдары бойынша мәтін жазу; шағын мәтін құрастыруда сөйлемнің тиісті тыныс белгілерін қолдану; бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу, каллиграфиялық дағдыларын жетілдіру;

5) тілдік нормаларды қолдану: заттың атын / сынын / санын / іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын түсіну, ажырату, ауызша және жазбаша тілде қолдану; көптік/ тәуелдік/ жіктік/ септік жалғауларын ауызша тілде және жазбаша тілде еркін қолдану; сөйлеу барысында түрлі қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді (есімше, көсемше, рай) қолдану; мұғалімнің жіктеу есімдіктерінің септелуін және септеулік шылауларды ауызша және жазбаша тілде түзету жұмыстарында қолдану; сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және құрмалас сөйлем құрастыру; сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) бір түрден екінші түрге айналдыру; айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді мұғалім көмегімен дұрыс жазу және айту; сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын ескеріп айту және жазу.

4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

24. Бағдарламада оқу мақсаттары төрт саннан тұратын қодтық белгімен белгіленді. Қодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар сөйлеу әрекеттерінің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.1. кодында «1» - сынып, «2.1» - бөлімше; «1» - оқу мақсатының реттік нөмірі.

25. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Тыңдалым» бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	0.1.1.1 сөзді зейін қойып ықыласпен тыңдау және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (қимыл, ым-ишараны қолдану, іс-әрекет жасау)	1.1.1.1 сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және оған сәйкес әрекет ету (қимыл, ым-ишараны қолдану, іс-әрекет жасау)	2.1.1.1 ауызша тіл және тыңдау-көру материалы н тыңдау және қарапайым сөйлемдерді түсініп қайталау	3.1.1.1 ауызша тіл және тыңдау-көру материалы н тыңдау және түсіну, жеке сөйлемдердің мағынасын нақтылау үшін сұрақтар қою	4.1.1.1 ауызша тіл және тыңдау-көру материалы н басқаша өзгертіп айту үшін тыңдау және түсіну
1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	0.1.2.1 сөздегі дыбыс түрлерін ажырату және дұрыс дыбыстау	1.1.2.1 күнделікті өмірде қолданатын таныс сөздердің мағынасын түсіну	2.1.2.1 күнделікті өмірде қолданатын таныс сөздерден құралған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну	3.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздер және сөз тіркестерін ең құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну	4.1.2.1 бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мәтінмәтінге қатысты мағынасын анықтап түсіну
1.3 Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	0.1.3.1 қарапайым сұрақтарға ым-ишара (мысалы,	1.1.3.1 тыңдаған мәтін мазмұны бойынша	2.1.3.1 тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімен	3.1.3.1 тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша	4.1.3.1 мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға

	затқа немесе суретке нұсқау), сөздер және қысқа фразамен жауап қайтару	мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру, сәйкес иллюстрация/суреттер/сызбалар таңдау	иллюстрация /суреттер/сызбалар таңдау және қарапайым сұрақтарға жауап беру	сұрақтарға жауап беру, мұғалімнің көмегімен сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру, кесте толтыру	жауап беру, түйінді тұстарын анықтау
1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну	0.1.4.1 мұғалімнің көмегімен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну	1.1.4.1 мұғалімнің көмегімен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну	2.1.4.1 тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну және кейіпкерлер мен оқиғалардың ретін анықтау	3.1.4.1 тыңдаған материал бойынша себеп-салдарының байланысын (негізгі ой, кейіпкерлер, оқиға) анықтау	4.1.4.1 тыңдаған материалдағы негізгі ойды анықтау
1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	0.1.5.1 мазмұнын қаншалықты түсінгенін қимыл мен қысқа жауап (екі үш сөз, қарапайым сөйлем) арқылы білдіру	1.1.5.1 қимыл-қозғалыс, сұрақ қою, қысқа жауап арқылы тыңдаған/көрген мәтінді түсінгенін білдіру	2.1.5.1 тыңдау-көру материалындағы оқиғаларды түсіну, сұрақтар қою	3.1.5.1 тыңдау-көру материалдарындағы оқиғаларды түсіну, кейіпкерлері туралы сұрақтар қою және оларды сипаттау	4.1.5.1 тыңдау-көру материалының мазмұны бойынша негізгі ойды анықтауға жетелейтін сұрақтар қою және мұғалімнің көмегімен телебағдарлама

					үзіндісінд егі музыка, сөз және бейнелерд ің маңызын анықтау
--	--	--	--	--	---

2) «Айтылым» бөлімі:
2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Сөздік қорды толықтыру	0.2.1.1 лексикалық тақырыптар бойынша сөйлеу барысында жаңа сөздерді қолдану	1.2.1.1 сөйлеу барысында танысу, өзін туралы айту және затты сипаттау үшін сөздермен сөз тіркестерін қолдану	2.2.1.1 сөйлеу барысында алған ақпарат бойынша сұраулы сөйлем құрастыру үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану	3.2.1.1 сөйлеу барысында мәтін тақырыбына сәйкес сөздерді қолдану	4.2.1.1 әңгімені өрбіту үшін қажетті сөздерді қолдану
2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен өз ойын 2-3 сөйлеммен білдіру	1.2.2.1 сурет бойынша 2-3 сөйлеммен өз ойын білдіру	2.2.2.1 сюжетті сурет негізінде өз ойын айту	3.2.2.1 мұғалім ұсынған тақырып негізінде өз ойын айту	4.2.2.1 басталған мәтінді өз ойынша аяқтау
2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды қолдану	0.2.3.1 сұхбаттасын ықылас қойып тыңдау және жағдаятқа байланысты мимиканы,	1.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып,	2.2.3.1 тілдік нормаларды сақтай отырып, белгілі бір тақырыптағы әңгімеге қатысу және	3.2.3.1 белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және	4.2.3.1 белгелеі тақырыптағы әңгімеге қатысу, сұхбаттасын түсіну және оның сөзін

	ым-ишараны қолданып, қысқа фразалармен жауап беру	түрлі тәсілдермен жауап беру	сұхбаттасының не туралы айтқаныны түсіну	олардың ойларын толықтыру	нақтылау, анықтау, өз сөзімен айтып беру
2.4 Оқыған/тыңдаған материалды мазмұндау	0.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтін бойынша 2-3 сұраққа жауап беру	1.2.4.1 шағын мәтінді/қарап оқиғаларды мазмұндау	2.2.4.1 оқиға желісін сақтай отырып, таныс сөздерді қолдану арқылы шынайы және ойдан құрастырылған оқиғаларды баяндау	3.2.4.1 өзінің жоспар/жазбаларын қолдана отырып, оқиғалар/әңгімелерді өз сөзімен айтып беру	4.2.4.1 тыңдаушыны еліктіру мақсатында оқиғалар/әңгімелерді дәлме-дәл айтып беру
2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту	0.2.5.1 қысқа фильмдермен тыңдалым материалдарының сюжетін мұғалімнің көмегімен 2-3 жай сөйлеммен жеткізу	1.2.5.1 қысқа фильмдермен тыңдалым материалдарының сюжетін өз сөзімен суреттеу	2.2.5.1 фильмдермен тыңдалым материалдарындағы сөйлемдерді қолданып, сюжетті суреттеу	3.2.5.1 фильмдермен тыңдалым материалдарындағы оқиғаларды өмірдегі жағдайлармен салыстырып суреттеу	4.2.5.1 фильмдермен тыңдалым материалдарындағы оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіру
2.6 Оқылған/тыңдаған материал бойынша ой-пікір білдіру	0.2.6.1 тыңдаған материал бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру	1.2.6.1 тыңдаған/оқыған материал туралы өзінің қарапайым пікірін (келісемін/келіспеймін,	2.2.6.1 салыстыру негізінде ақпарат, кейіпкер, оқиға туралы қарапайым ой-пікірін (мен	3.2.6.1 тыңдаған/оқыған материал бойынша өз көзқарасын (маған сияқты, маған	4.2.6.1 тыңдаған/оқыған материал бойынша өз көзқарасын (менің ойымша, деп

		ұнайды\ұна майды) айту	ойлаймын, мен санаймын) айту	тәрізді) айту	ойлаймын) дәлелдеу
--	--	---------------------------	---------------------------------------	------------------	-----------------------

3) «Оқылым» бөлімі:

3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Оқу түрлерін қолдану	0.3.1.1 қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, ө, ң, қ, ү, ұ, һ) дұрыс айту	1.3.1.1 таныс сөздерді буындап оқу, тұтас оқу	2.3.1.1 мәтінді мәнерлеп оқу	3.3.1.1 оқу түрлерін қолдана отырып мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу (шолып танысу, рөлге бөліп оқу)	4.3.1.1 оқу түрлерін қолдана отырып, мәтін немесе оның бөлімдерін (рөлге бөліп оқу, теріп оқу) мәнерлеп оқу
3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	0.3.2.1 мәтіндегі таныс сөздерді дұрыс айту	1.3.2.1 мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсіну	2.3.2.1 таныс сөздерден құрастырылған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну	3.3.2.1 таныс сөздер мен сөз тіркестерін ең құрастырылған шағын мәтіннің түйінді тұсын түсіну	4.3.2.1 бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіннің түйінді тұсын түсіну
3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	0.3.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің түрін білу	1.3.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ,	2.3.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ,	3.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, жұмбақ, ертегі, әңгіме және	4.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, жұмбақ, ертегі, әңгіме, мақал-

		жаңылтпаш, санамақ) ажырату	әңгіме) ажырату	мақал- мәтелдер) ажырату, әңгімелеу/ сипаттау мәтінін анықтау	мәтелдерд і және жаңылтпа штарды) ажырату, пайымдау мәтінін анықтау
3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	0.3.4.1 мұғалімнің көмегімен қарапайым сұрақтар (мынау не? мынау кім?) қою	1.3.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтін немесе иллюстраци я бойынша қарапайым сұрақтар (кім? не? қандай? қанша?) қою	2.3.4.1 мұғалімнің мәтіннің мазмұны бойынша қарапайым сұрақтар құрастыру және оған жауап беру	3.3.4.1 мәтін мазмұны мен кейіпкерле рінің іс- әрекеті туралы нақты сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру	4.3.4.1 мәтін мазмұнын және кейіпкерле рдің іс- әрекетін бағалайты н сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру
3.5 Түрлі дереккөздер ден қажетті ақпаратты алу	0.3.5.1 мұғалімнің көмегімен суретті кітаптарда н ақпараттар ды табу	1.3.5.1 мұғалімнің көмегімен иллюстраци ялы шағын мәтіннен қажетті ақпаратты табу	2.3.5.1 мұғалімнің көмегімен сөздік, анықтамал ықтардан қажетті ақпаратты табу	3.3.5.1 мұға лімнің көмегімен сөздіктер мен анықтамал ықтардан қажетті ақпаратты табу және оны алу	4.3.5.1 қажетті ақпараттар ды табу үшін түрлі дереккөзд ерді (сөздіктер, энциклопе диялар, ғаламтор) қолдана білу

4) «Жазылым» бөлімі:
4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
4.1 Кейіпкердің атынан	0.4.1.1 мұғалімнің көмегімен	1.4.1.1 суретте берілген	2.4.1.1 мұғалімнің көмегімен	3.4.1.1 мұғалімні ң	4.4.1.1 оқиғалард ы сурет

мәтін құрастырып жазу	заттардың түсін ажыратып бояу	заттардың сынын білдіретін сөздерді жазу	заттың сынын білдіретін сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазу	көмегімен тақырыпқа сәйкес сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазу	(комикс) түрінде ұсыну
4.2 Тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу	0.4.2.1 тыңдалған мәтіндегі ақпараттың мазмұнын сурет, сызба, белгілер арқылы жеткізу	1.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған / тыңдау-көру материалдары бойынша заттардың таныс атауларын жазу	2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған / тыңдау-көру материалдары бойынша сөз тіркестерін жазу	3.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған / тыңдау-көру материалдары бойынша қысқа жазбалар жазу	4.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған/тыңдау-көру материалдары бойынша мәтін жазу
4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	0.4.3.1 мұғалімнің көмегімен тыныс белгілерді тану	1.4.3.1 мұғалімнің көмегімен тыныс белгілерін тану, қолдану	2.4.3.1 мұғалімнің көмегімен жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін қолдану	3.4.3.1 өз бетінше жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін қолдану	4.4.3.1 шағын мәтін құрастыруда сөйлемнің тиісті тыныс белгілерін қолдану
4.4 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	0.4.4.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың	1.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптерді санитарлық-гигиеналық	2.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін,	3.4.4.1 кең жолды дәптерге бас әріптер мен кіші	4.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін,

	жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, өрнектерді салу	талаптарға сәйкес бір-бірімен дұрыс байланыстырып, анық, айқын жазу	көлбеулігі н және олардың байланысын сақтап жазу, түзету жұмыстарын орындау	әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігі н және олардың байланысын сақтап жазу, каллиграфиялық дағдыларын дамыту	көлбеулігі н және олардың байланысын сақтап жазу, каллиграфиялық дағдыларын жетілдіру
--	--	---	---	--	---

5) «Тілдік нормаларды қолдану» бөлімі:
5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	0.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын білдіретін сөздерді ауызша тілде қолдану	1.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын / сынын / санын / іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша тілде қолдану	2.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын / сынын / санын / іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша және жазбаша тілде қолдану	3.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын / сынын / санын / іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша және жазбаша тілде қолдану	4.5.1.1 заттың атын / сынын / санын / іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша және жазбаша тілде қолдану
	0.5.1.2 сөйлеу барысында көптік, тәуелдік, жалғауларын	1.5.1.2 мұғалімнің көмегімен көптік/ тәуелдік /жіктік/септік	2.5.1.2 сөйлеу барысында көптік/тәуелдік/ жіктік/септік	3.5.1.2 көптік/ тәуелдік / жіктік/ септік жалғауларын ауызша	4.5.1.2 көптік/ тәуелдік/ жіктік/ септік жалғауларын ауызша

	мұғалімнің көмегі, үлгі бойынша қолдану	жалғаулары н ауызша тілде қолдану	жалғаулар ын қолдану	тілде және жазбаша тілде түзету жұмыстар ында қолдану	тілде және жазбаша тілде еркін қолдану
	0.5.1.3 сөйлеу барысында мұғалімнің көмегімен заттың қимылын білдіретін сөздерді қолдану	1.5.1.3 сөйлеу барысында мұғалім көмегімен етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану	2.5.1.3 сөйлеу барысында мұғалімнің етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану	3.5.1.3 сөйлеу барысында есімше түрлерін, тұйық етістіктерді қолдану	4.5.1.3 сөйлеу барысында түрлі қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді (есімше, көсемше, рай) қолдану
	0.5.1.4 сөйлеу барысында мұғалімнің көмегімен заттың санын білдіретін сөздерді қолдану	1.5.1.4 мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысында сілтеу есімдіктерін дұрыс қолдану	2.5.1.4 мұғалім көмегімен сөйлеу барысында есімдіктер ді (сілтеу, сұрау есімдіктері н) қолдану	3.5.1.4 мұғалім көмегімен жіктеу есімдіктері нің септелуін және септеулік шылаулар ды ауызша тілде қолдану	4.5.1.4 мұғалімнің жіктеу есімдіктері нің септелуін және септеулік шылаулар ды ауызша және жазбаша тілде түзету жұмыстар ында қолдану
	0.5.1.5 мұғалімнің көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін білу	1.5.1.5 мұғалім көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап құрастыру	2.5.1.5 мұғалімнің көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай	3.5.1.5 сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және мұғалімнің	4.5.1.4 сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және құрмалас

			сөйлем құрастыру	көмегімен құрмалас сөйлем құрастыру	сөйлем құрастыру
	0.5.1.6 мұғалімнің көмегімен айтылу мақсатына қарай (хабарлы, сұраулы) сөйлем түрлерін білу	2.5.1.6 мұғалімнің көмегімен айтылу мақсатына қарай (хабарлы, сұраулы, лепті) сөйлем түрін білу	2.5.1.6 мұғалім көмегімен айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату	3.5.1.6 мұғалімнің көмегімен айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату және құрастыру	4.5.1.6 сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) бір түрден екінші түрге айналдыру
5.2 Орфоэпиялық және орфографиялық норманы сақтау	0.5.2.1 мұғалімнің көмегімен әріп пен дыбысты ажырата білу, дыбыстарды дұрыс айту	1.5.2.1 әріп пен дыбысты ажырата білу, төл дыбыстарды дұрыс айту	2.5.2.1 мұғалімнің көмегімен айтылуы мен жазылуын да айырмашылығы жоқ сөздерді дұрыс айту және жазу	3.5.2.1 мұғалімнің көмегімен жаңа сөздерді орфоэпиялық және орфографиялық сөздіктер көмегімен қатесіз дұрыс жазу және айту	4.5.2.1 айтылуы мен жазылуында да айырмашылығы бар сөздерді мұғалім көмегімен дұрыс жазу және айту
	0.5.2.2 мұғалімнің көмегімен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, һ әріптерін дұрыс айту	1.5.2.2 мұғалімнің көмегімен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, һ әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу	2.5.2.2 ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, һ әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу	3.5.2.2 дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздерді дұрыс айту және емілесін сақтап жазу	4.5.2.2 сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын ескеріп айту және жазу

	0.5.2.3 мұғалімнің көмегімен бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі есімдері, жер-су атаулары, үй жануарлар ына берілген ат) білу	1.5.2.3 мұғалімнің көмегімен бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі есімдері, жер-су атаулары, үй жануарлары на берілген ат) ажырату, дұрыс жазу	2.5.2.3 мұғалімнің көмегімен бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі есімдері, жер-су атаулары, үй жануарлар ына берілген ат) ажырату және дұрыс жазу	3.5.2.3 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі есімдері, жер-су атаулары, үй жануарлар ына берілген ат) ажырату, дұрыс жазу	4.5.2.3 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі есімдері, жер-су атаулары, үй жануарлар ына берілген ат) ажырату және ауызша, жазбаша тілде қолдану
--	--	---	---	--	--

26. Бағдарлама тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

27. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің
0-4 сыныптарына арналған «Қазақ
тілі» оқу пәнінен жаңартылған
мазмұндағы үлгілік оқу
бағдарламасына қосымша

Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0-4-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған
мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақмерзімді жоспар

1) 0-сынып:
1-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
1. Өзім туралы	Тыңдалым	Тыңдалым тәсілдерін қолдану	0.1.1.1 сөзді зейін қойып ықыласпен тыңдау және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (қимыл, ым-ишараны қолдану, іс-әрекет жасау)
		Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	0.1.2.1 сөздегі дыбыс түрлерін ажырату және дұрыс дыбыстау
		Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	0.1.3.1 қарапайым сұрақтарға ым-ишара (мысалы, затқа немесе суретке нұсқау) сөздер және қысқа фразалармен жауап беру
2. Менің мектебім	Айтылым	Сөздік қорды толықтыру	0.2.1.1 лексикалық тақырыптар бойынша сөйлеу барысында жаңа сөздерді қолдану
		Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды сақтау	0.2.3.1 сұхбаттасын ықылас қойып тыңдау және жағдаятқа байланысты мимиканы, ым-ишараны қолданып, қысқа фразалармен жауап беру
		Оқылған/тыңдалған материал бойынша пайымдама жасау	0.2.6.1 тыңдаған/оқыған материал бойынша мұғалімнің көмегімен өз ойын айту
	Оқылым	Оқу түрлерін қолдану	0.3.1.1 қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, ө, ң, қ, ү, ұ, һ) дұрыс айту
		Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	0.3.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің түрін тану
		Мәтіннің мазмұнын түсіну	0.3.2.1 мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсіну
Жазылым	Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	0.4.1.1 мұғалімнің көмегімен заттардың сынын, атын білдіретін сөздерді түсіну	

	Тілдік нормаларын сақтау	Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	0.5.1.2 сөйлеу барысында көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғауларын мұғалімнің көмегі, үлгі бойынша қолдану
2-тоқсан			
3. Менің отбасым	Тыңдалым	Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	0.1.2.1 сөздегі дыбыс түрлерін ажырату және дұрыс дыбыстау
		Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну	0.1.4.1 мұғалімнің көмегімен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну
		Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	0.1.5.1 мазмұнын қаншалықты түсінгенін қимыл мен қысқа жауап (екі үш сөз, қарапайым сөйлем) арқылы білдіру
4. Бізді қоршаған әлем	Айтылым	Берілген тақырып бойынша өз ойын жеткізу	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен өз ойын 2-3 сөйлеммен білдіру
		Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды қолдану	0.2.3.1 сұхбаттасын ықылас қойып тыңдау және жағдаятқа байланысты мимиканы, ым-ишараны қолданып, қысқа фразалармен жауап беру
		Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту	0.2.5.1 қысқа фильмдер мен тыңдалым материалдарының сюжетін мұғалімнің көмегімен 2-3 жай сөйлеммен жеткізу
	Оқылым	Оқылған/тыңдаған материал бойынша пайымдама жасау	0.2.6.1 тыңдаған материал бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру
		Мәтіннің мазмұнын түсіну	0.3.1.1 қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, ө, ң, қ, ү, ұ, һ) дұрыс айту
		Оқу түрлерін қолдану	0.3.2.1 мәтіндегі таныс сөздерді дұрыс айту
		Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	0.3.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің түрін білу
Жазылым	Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	0.3.4.1 мұғалімнің көмегімен қарапайым сұрақтар (мынау не? мынау кім?) қою
		Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	0.4.1.1 мұғалімнің көмегімен заттардың түсін ажыратып бояу
	Каллиграфиялық нормаларды сақтау	Пунктуациялық нормаларды сақтау	0.4.3.1 мұғалімнің көмегімен тыныс белгілерді тану
		Каллиграфиялық нормаларды сақтау бір-бірімен дұрыс байланыстырып, анық, айқын жазу	0.4.4.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, өрнектерді салу

	Тілдік нормаларды қолдану	Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	0.5.1.2 сөйлеу барысында көптік, тәуелдік жалғауларын мұғалімнің көмегі, үлгі бойынша қолдану 0.5.1.3 сөйлеу барысында мұғалімнің көмегімен заттың қимылын білдіретін сөздерді қолдану 0.5.1.4 сөйлеу барысында мұғалімнің көмегімен заттың санын білдіретін сөздерді қолдану 0.5.1.5 мұғалімнің көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін білу
3-тоқсан			
5. Саяхат 6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Тыңдалым	Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	0.1.2.1 сөздегі дыбыс түрлерін ажырату және дұрыс дыбыстау
		Мәтіндегі негізгі , қосалқы ақпараттарды түсіну	0.1.4.1 мұғалімнің көмегімен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну
		Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	0.1.5.1 мазмұнын қаншалықты түсінгенін қимыл мен қысқа жауап (екі үш сөз, қарапайым сөйлем) арқылы білдіру
	Айтылым	Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен өз ойын 2-3 сөйлеммен білдіру
		Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды қолдану	0.2.3.1 сұхбаттасын ықылас қойып тыңдау және жағдаятқа байланысты мимиканы, ым-ишараны қолданып, қысқа фразалармен жауап беру
	Оқылым	Оқыған/тыңдаған материалды мазмұндау	0.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтін бойынша 2-3 сұраққа жауап беру
	Жазылым	Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	0.4.1.1 мұғалімнің көмегімен заттардың түсін ажыратып бояу
		Тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу	0.4.2.1 тыңдалған мәтіндегі ақпараттың мазмұнын сурет, сызба, белгілер арқылы жеткізу
		Каллиграфиялық нормаларды сақтау бір-бірімен дұрыс байланыстырып, анық, айқын жазу	0.4.4.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, өрнектерді салу
	Тілдік нормаларды сақтау	Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	0.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын білдіретін сөздерді ауызша тілде қолдану
			0.5.1.3 сөйлеу барысында мұғалімнің көмегімен заттың

			кимылын білдіретін сөздерді қолдану
			0.5.1.4 сөйлеу барысында мұғалімнің көмегімен заттың санын білдіретін сөздерді қолдану
			0.5.1.5 мұғалімнің көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін білу
		Орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау	0.5.2.1 мұғалімнің көмегімен әріп пен дыбысты ажырата білу, дыбыстарды дұрыс айту
			0.5.2.2 мұғалімнің көмегімен ә, ө, ү, ұ, і, н, қ, ғ, һ әріптерін дұрыс айту
			0.5.2.3 мұғалімнің көмегімен бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі есімдері, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген ат) білу
4-тоқсан			
7. Тағам және сусын	Тыңдалым	Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	0.1.2.1 сөздегі дыбыс түрлерін ажырату және дұрыс дыбыстау
		Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	0.1.3.1 қарапайым сұрақтарға ым-ишара (мысалы, затқа немесе суретке нұсқау), сөздер және қысқа фразамен жауап қайтару
	Айтылым	Оқыған/тыңдаған материалды мазмұндау	0.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтін бойынша 2-3 сұраққа жауап беру
		Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту	0.2.5.1 қысқа фильмдер мен тыңдалым материалдарының сюжетін мұғалімнің көмегімен 2-3 жай сөйлеммен жеткізу 0.2.6.1 тыңдаған материал бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру
8. Дені саудың – жаны сау	Оқылым	Оқу түрлерін қолдану	0.3.1.1 қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, ө, н, қ, ү, ұ, һ) дұрыс айту
		Мәтіннің мазмұнын түсіну	0.3.2.1 мәтіндегі таныс сөздерді дұрыс айту
		Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	0.3.5.1 мұғалімнің көмегімен суретті кітаптардан ақпараттарды табу
	Жазылым	Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	0.4.1.1 мұғалімнің көмегімен заттардың түсін ажыратып бояу
